

Партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеген жөн. Саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселді туындататыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық. Саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажет. Президент өзінің өкілеттігін атқару кезеңінде партияға мүшелігін тоқтата тұруға міндетті екенін заң жүзінде ресімдеуді ұсынамын. Осылайша, біз еліміздің болашақтағы көшбасшыларын негізгі саяси институттарды өзіне бағындырып алуға құмар болудан сақтаймыз.

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Қазақстан халқына
«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ
МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» атты
Жолдауынан

МЕРЕКЕЛЕР ҚАРСАҢЫНДА МАРАПАТТАЛДЫ

Мемлекеттік қызметшілер күні мен Қазақстан полициясының 30 жылдығына орай аудан әкімі Нұрлан Сейіловтың қатысуымен салтанатты шара өтті.

Аудан әкімі Нұрлан Қазезұлы екі төл мерекемен құттықтап, халыққа қызмет ету міндетін бар жауапкершілікпен жалғастыруға шақырды. Барлықтарына жаңа табыстар жолында дендеріне саулық, отбасыларына бақыт тіледі.

Құттықтау сөзден кейін аудан әкімі ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Қобылан Өміртаев, Новочеркасск ауылдық округінің жетекші маманы Любовь Литовченко, ішкі саясат бөлімінің бас маманы Айнұр Кәрімова, аудан әкімі аппаратының бас мамандары Дархан Ілдебаев және Людмила Курманова, Астрахан ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы Әсемгүл Мұқанова, Жалтыр ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы Нұрлан Әділов және тағы басқалары алғыс хаттармен, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік



қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің алғыс хатымен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Жанат Сейітжанова, Нұр-Сұлтан қаласы «Аманат» партиясының



атқарушы хатшысының алғыс хатымен мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Марат Мұрзабаев, «Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің салалық

кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Ақмола облыстық филиалының Құрмет грамотасымен Старый Колутон ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Гүлсім Найманбаева марапатталды. Сондай-ақ, аудандық полиция бөлімінің бастығы Дархан Жапаров біршамасын ішкі істер органдарындағы көп жылғы қызметі, жас ұрпақты тәрбиелегені үшін және Қазақстан полициясы күнінің 30 жылдығын мерекелеуге орай «Қазақстан полициясына 30 жыл» төсбелгісімен, «Ішкі істер органдарындағы мінсіз жұмысы үшін» медалімен, Ақмола облысы полиция департаментінің грамотасымен, Ақмола облысы полиция департаментінің алғыс хатымен марапаттап, «Қазақстан полициясының 30 жылдығы құрметіне» төсбелгілерін табыстады.

Арман ЖАПАРОВ.

ҚҰРМЕТТІ АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Жиналыстарды, митингілерді және пикеттерді ұйымдастыру және өткізу үшін «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңымен (бұдан әрі - Заң) хабарлама жасау тәртібі қарастырылған.

Ұйымдастырушы оларды өткізу күніне дейін бес жұмыс күн бұрын жергілікті атқарушы органға хабарлама береді, ол үш жұмыс күн ішінде оны қарауға тиіс (Заңның 10, 11-баптары). Бұл мерзім аяқталған соң жауап болмаған жағдайда, ұйымдастырушы бейбіт жиналысты өткізеді (Заңның 11-б. 1-т.3-т.).

Демонстрациялар мен шерулер үшін келісім тәртібі белгіленген. Өтініштер өткізілетін күнге дейін он жұмыс күн бұрын беріледі, ол бойынша жергілікті атқарушы орган жеті жұмыс күн ішінде жауап беруге

міндетті (Заңның 12, 13-баптары).

Берілген хабарлама болмаған жағдайда, митингтерге қатысу заңсыз болып табылады, бұл Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 488-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Егер бұл әрекеттер азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірумен қатар жүрсе, қылмыстық жауаптылық туындайды (ҚК-нің 400-бабы).

Осыған байланысты, заңдылықты бұзуға жол бермеу және белгіленген жауаптылық туралы түсіндіре отырып, заңнама талаптарын бұзбауға және заңсыз шерулерді (митинг, демонстрация, жиналыс және т.б.) ұйымдастырудан және оған қатысудан тартынуға шақырамыз.

Астрахан ауданының
прокуратурасы.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА!

Для организации и проведения собраний, митингов и пикетов Законом «О порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан» (далее - Закон) предусмотрен уведомительный порядок.

Организатор за пять рабочих дней до дня их проведения подает уведомление в местный исполнительный орган, который в течение трех рабочих дней должен его рассмотреть (ст.10, 11 Закона). В случае отсутствия ответа по истечении этого срока организатор проводит мирное собрание (пп.3 п.1 ст.11 Закона).

Для демонстраций и шествий установлен согласительный порядок. Заявления подаются за десять рабочих дней до дня проведения, по которым местный исполнительный орган обязан дать ответ в те-

чение семи рабочих дней (ст.12, 13 Закона).

При отсутствии поданного уведомления, участие в митингах, является незаконным, что влечет административную ответственность по статье 488 Кодекса об административных правонарушениях.

Если эти действия будут сопровождаться причинением существенного вреда правам и законным интересам граждан, организаций, общества или государства, наступает уголовная ответственность (статья 400 УК).

В этой связи, разъясняя о недопустимости нарушений законности и об установленной ответственности, призываем Вас не нарушать требования законодательства и воздержаться от организации и участия в незаконных шествиях (митингах, демонстрациях, собраниях и т.д.).

Прокуратура Астраханского района.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНЖЕНЕРЛЕР КІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУ КЕРЕК?

Қаржылық алаяқтар азаматтарды өз схемаларына белсенді түрде тартуды жалғастыруда. «Алаяқтық» бабы бойынша Қазақстанда 2022 жылдың басынан бастап бес ай ішінде 17,8 мыңнан астам қылмыстық іс тіркелді, оның ішінде интернет-алаяқтық бойынша – 8 мыңнан астам, төлем карталарын пайдалана отырып – 127. Бұл 2022 жылғы қаңтар-сәуір айларындағы 13,8 мыңнан астам қылмыстық іс тіркелген кезеңге қарағанда 20%-ға артық, оның ішінде интернет-алаяқтық бойынша – 6 мыңға жуық, төлем карталарын пайдалана отырып – 97.

Fingramota.kz зардап шеккендердің қатарын толтырмау үшін онлайн және офлайн қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын еске салады.

Алаяқтардың жаңа схемалары – бұл алдаудың жетілдірілген ескі тәсілдері. Зиянкестердің басты мақсаты азаматтардың дербес деректеріне және олардың банктік шоттарына қол жеткізу болып табылады.

Қазіргі заманғы алаяқтар әлеуметтік инженерия әдістерін қолданады, яғни әртүрлі психологиялық және әлеуметтанушылық әдістер, айла-шарғылар және IT-технологиялар арқылы өз құрбандарына шабуыл жасайды. Нәтижесінде адам әлеуметтік инженерлерге барлық қажетті ақпаратты: төлем карталарының деректемелерін, электрондық поштаның құпия сөздерін, мобильдік банкінгтегі жеке кабинетті және басқа да құпия ақпаратты өз еркімен береді.

№1 схема. «Қиялдағы жобаға» салынған инвестициялар



FinGramota
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Бұл онлайн-жоба түрінде ұсынылған және жаңа қатысушыларды тарту міндетті емес қаржы пирамидасының бір түрі. Мұндай пирамиданың өмір циклі өте қысқа және бұл оның классикалық пирамидадан айырмашылығы. Мысалы, желіде сізге жоғары кірісті жобаға инвестиция салу ұсынылады және олардан өте жоғары кіріс алуды уәде етіп, аз мөлшерде салым салуды сұрайды. Алайда, ұйымдастырушылар айтарлықтай соманы жинағаннан кейін жобаны жауып, жоғалып кетеді. Қаскүнемдер қаржылық шығын аз болған себепті алданған адамдар құқық қорғау органдарына жүгінбейді деп үміттенеді. Көбінесе солай болып жатады, сондықтан пирамида жасаушылар сол схема бойынша жаңа жоба ашады, бірақ басқа атаумен, осылайша бәрі қайталанып отырады.

«Қиялдағы жоба» – бұл шын мәнінде, қаржы пирамидасы, оны ұстап тұру үшін ақша мен жаңа сатып алушылардың тұрақты ағыны қажет. Қаражат көзі таусылған кезде пирамида құлайды.

Тез жұмыс табу үшін көбінесе жастар, әсіресе студенттер қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылардың айла-амалдарына түседі. Өкінішке орай, олар барлық ақшаны қаржы пирамидаларына салады, кейде кредит рәсімдеп, туыстары мен достарынан ақша алады. Нәтижесінде олар сан соғып, алданып қалады.

3 ШІЛДЕ - ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ



Шілденің бірінші жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып жарияланды. Жыл сайын атап өтілмек бұл мерекелік күннің ұлттық руханиятымызға қосар үлесі салмақты болмақ.

Домбыра — қазақтың киесі, қасиеті, қазынасы. Қазақ пен домбыра егіз ұғым ғой! Күні кешеге дейін әр үйдің төрінде ілулі тұратын ұлттық аспабымыздың күмбірлеген үні бүгінде алыстап бара жатқандай еді. Телеарналардан домбыраның дауысын есту мұңға айналғаны былай тұрсын (оның орнын салмақсыз бағдарламалардың жаулап алғаны шындық), шілдеhana, бесік тойы, тұсаукесер, тілашар, беташарларымыз даңғырлаған эстрада әуеніне байланбады ма? Домбырамен әуелете сырқалып, тиесілі сыйлық иесін табатын «Тойбастар» дәстүрінің түрсіпаты мүлде өзгергеніне бәріміз күеміз. Құрметті қонақ келгенде «ауылдың алты ауызы» айтылып, «қонаққадемен» жалғаса әнмен өрілетін отырыстар көзден бұлбұл ұшқалы қашан?! Арасында үлкендердің әдемі әңгімелері тыңдалатын. Қазір ше? Ішіп-жеп болған соң, бас салып би билеуге көшеді. Жас та, жасамыс та секеңдеп, ию-кию музыка, қызық деген осы деп түсінетін болдық. Ілгерідегі құдаларды әудем жерден арнау айтып қарсы алып, күмбір-күмбір күй тартып, шығарып салар кез қайда, шіркін?! Домбырада айтылатын әр әннің сөзі қандай, сазы қандай?! Тыңдап отырғанында

бір күрсінтіп, бір мұңайтып, мың түрлі әсерге бөлейтіні бар. Оның күдіретті үнін естігеніңе шүкірлік етесің. Домбыраның иесі қазақ болып туылғаныңа тәубе дейсің, басқа емес.

Домбыра күнінің белгіленуі жайдан-жай емес. Бұл рухани жаңғыру бағытындағы ең сүбелі тірліктің бірі болмақ. Осы күннің аясында ұлттық аспабымызды ұлықтау мақсатында тың бастамалар бой көтеріп, көптен бері қолдау таппай жүрген игі дүниелер қайта жаңғыруы ғажап емес. Көп нәрседен үміттіміз. Көк сандықтан домбыра үнімен астастырылған салмақты дүниелердің көптеп жарық көруін жанымыз қалайды. Ең дұрысы, науқаншылықтан ада, әсіреқызыл тез оңарлық тірлік емес, өзінің қоңыр үні мен қоңыр болмысына сай, ұлтымыздың жадын қайта бір жаңғыртатындай күн болса екен дейміз.

Биылғы шілде айының бірінші жексенбісі 3 шілдеге тура келіп тұр. «Жаздық шілде болғанда...» деп Абай атамыз айтқандай, «көкорай шалғың, бейшешек, ұзарып, өсіп, толғанда» бүкіл қазақ даласы күмбір-күмбір күй төкпей, көктегі күн нұр төкпей, домбырасын қолға алғай, әуелете ен салғай... «Дарига, домбырамды берші маған, Жаныма келші жарым, келші балам...» деп Мұқағалиша толғайық, «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ — домбыра!» деп Қадырша қайырайық! Ұлы ұлттың баласы, ұлықта Домбыраңыз!

Зеберкүл ШАРДАРБЕКОВА.

Информационная безопасность БЕРЕГИТЕ СЕБЯ И СВОИХ РОДНЫХ ОТ ВЛИЯНИЯ ЭКСТРЕМИСТСКИХ ИДЕЙ

Интернет - это безграничное пространство с бесконечным количеством информации. Порой бывает трудно разобраться в том, что есть правда, а что — вымысел. В том числе и в вопросах религии. В этой связи, мы рекомендуем отписаться от сомнительных религиозных групп, так как они могут распространять материалы деструктивного характера.

Проповедники и приверженцы деструктивных псевдорелигиозных течений вербуют в свои ряды с помощью современных технологий и сети интернет. Они будут настойчиво рекомендовать книги, видео, интернет — ссылки, которые «изменяют вашу жизнь и представления об окружающем мире». Также они пытаются вытолкнуть вас из круга привычного общения, призывая «порвать с людьми которые тебя не

ценят» и «обрести новых друзей».

Получая в социальных сетях «запрос на дружбу» от незнакомца — внимательно изучите его аккаунт.



Общаясь с новыми людьми онлайн, сохраняйте ощущение реальности. Не погружайтесь с головой в предлагаемые собеседником темы.

Если почувствуете жесткое психологическое давление со стороны

нового интернет - знакомого, без колебаний блокируйте его аккаунт. Всегда помните, что для вербовщика деструктивного псевдорелигиозного течения вы не человек, а всего лишь «товар», за который тот рассчитывает получить максимальную выгоду.

Проявляйте бдительность, проверяйте всегда, с кем общаются в интернете ваши дети. Берегите своих детей и родных от влияния экстремистских идей!

При обнаружении материала, разжигающего межнациональную рознь либо пропагандирующего радикальные идеи, распространяющего экстремизм религиозного характера обращайтесь по телефону: 8(7162) 72-25-96 с 9:00

до 18:30 с понедельника по пятницу, (анонимно и бесплатно).

Центр анализа и развития межконфессиональных отношений.

КАЗАХСТАНЦЫ СТАЛИ ЧАЩЕ ПОЛУЧАТЬ ГОСУСЛУГИ ЧЕРЕЗ МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ



Министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК Багдат Мусин заявил, что цифровые сервисы пользуются широким спросом у казахстанцев, передает корреспондент МИА «Казинформ». «Сегодня по количеству электронных услуг мы наблюдаем положительные изменения. Также отмечу рост использования электронных услуг в мобильном приложении EGov Mobile в два раза. Кроме того, цифровые сервисы пользуются широким спросом у граждан. По ин-

формации министра, сегодня гражданам доступно 18 документов на других цифровых платформах: Kaspi, Home Bank и так далее. «До конца этого года мы планируем выпустить на внешние платформы 20 самых популярных госуслуг. Также решили проблему незаконной регистрации через SMS. Мы сократили время ожидания контакт-центра с 5 минут до 20 секунд», - проинформировал глава ведомства. Он также добавил, что ведомство реализует новый проект по документированию граждан. Ранее сообщалось, что 93% госуслуг в Казахстане оказываются в электронном виде.

inform.kz

БАГДАТ МУСИН ВЫСТУПИЛ НА ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА

Министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК Багдат Мусин выступил с докладом на очередном заседании Правительства.

Багдат Мусин рассказал о деятельности министерства и поделился основными достижениями в сфере цифровизации государственных услуг.

«Я хотел бы обратить внимание на то, что успех цифровой трансформации страны напрямую зависит от уровня во-

также рассказал о реализации нового проекта, по документированию граждан, где процесс будет выстроен без участия человеческого фактора, с помощью специальных терминалов. Если сегодня в среднем на это затрачивается 20-30 минут, то при установке терминалов процесс сократится до 5-10 минут.

Всего до конца года на внешние платформы будут выведены 20 самых попу-



лярных госуслуг.

Что касается цифровизации социальной сферы, то в 17 регионах страны внедряется пилотный проект по заочному освидетельствованию 3-й группы инвалидности. К

стоятельно собирать документы для подачи на пособие, все процессы автоматизированы.

В целом, по словам министра, цифровизация затрагивает все сферы, включая санэпиднадзор, сельское хозяйство и даже строительство. Однако во многих из них предстоит еще осуществить большой пласт работы.

Отдельное внимание уделено развитию IT-сферы. Казахстан очень уверенно движется в этом направлении. Так, сегодня в «Astana Hub» насчитывается уже более 750 резидентов, привлечено более 70 млрд тенге инвестиций в стартап-проекты, открыты 5 региональных технопарков.

«Важная часть развития IT-экосистемы — это человеческий капитал Главой государства поставлена задача к 2025 году подготовить не менее 100 тыс. квалифицированных IT-специалистов. В прошлом году запущены 7 частных инновационных школ программирования в регионах страны. В этом году будут открыты 5 таких школ. В качестве альтернативного образования в прошлом году предоставлены 100 ваучеров 13 IT-школам. В этом году будет предоставлено 3 тысячи ваучеров», - сказал Багдат Мусин.

Пресс-служба Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК.

примеру, ранее для установления инвалидности или степени утраты трудоспособности требовалось обратиться в поликлинику по месту жительства, и после гражданина направлялся на освидетельствование в отделы медико-социальной экспертизы. Сегодня для установления инвалидности достаточно обратиться только в медицинское учреждение.

Из 23 государственных услуг Минтруда, 11 ориентированы на лиц с ограниченными возможностями. Основной целью перевода таких услуг в проактивный формат является упрощение процедуры оформления документов для лиц с ограниченными возможностями, исключения их хождения по разным инстанциям и исключение бумажной волокиты.

Пособия многодетным матерям переведены также в проактивный формат: нет необходимости само-

СІЗ ГАЗЕТ ОҚИСЫЗ БА?

ПІКІР

«Сіз газет оқисыз ба? Оқымасаңыз ақпараттармен қалай танысасыз?» деген сұрақпен тұрғындар арасында сауалнама жүргізген болатынбыз. Қазіргі төрткүл дүниені әлеуметтік желілер мен ғаламтор жайлаған заманда халық арасында газет оқудың деңгейі қаншалықты өкәндігі толғандырады.

Сауалнамамыздың алғашқы кейіпкері қала тұрғыны 57 жасар азамат Омар Бекнұр ағамыз болды.

- Аға, сіз газет оқисыз ба?

- Біздің жастық шағымызда қазіргідей ғаламтор болған жоқ, ақпаратпен танысатын жалғыз мүмкіндік газет болды. Сол себепті де үзбей оқитынбыз.

- Ал, қазір ақпараттарды қайдан оқисыз?

- Қазіргі кезде газет оқуға қолымыз тие бермейді. Ал егер бос уақыт болса басылымның электронды нұсқасын шолып шығамын.

Келесі сауал қойған адамымыз 20 жастағы, Көкшетауға қонаққа келген Заманбек Ермеков болды.

- Сіз газет оқисыз ба?

- Жоқ, мен газет оқымаймын.

- Сонда қоғамда болып жатқан жаңалықтармен қалай танысасыз?

- Мен көбіне әлеуметтік желілерде отырамын. Сол желілер арқылы еліміздегі және шет елдердегі жаңалықтарды оқып хабардар боламын. Егер оқыған жаңалығыма сенімсіздік туындай қалса, мен басқа ақпараттық сайттардан іздеп, анық-қанығына жетуге тырысамын.

Мұнан соң облыс орталығының тұрғыны 37 жастағы Асылбек Мәжітовке жоғарыдағыдай сауалдарымызды қойдық.

- Сіз газет оқисыз ба?

- Оқымаймын. Уақытым жоқ. Қазір сананы тұрмыс билеген заманда уақыт өте тапшы. Уақыттың құлы болдық қой. Бірақ газет оқығанға не жетсін. Газетте күнделікті ақпараттан бөлек қызықты әңгімелер мен

танымдық материалдар да жазылады емес пе?!

- Түсінікті... Ал, күнделікті ақпараттармен қалай танысасыз?

- Әлеуметтік желілер арқылы. Көбіне сонда отырамын. Сол жерден естіп-білемін. Қолым тиіп жат-



са, кітапханаларға барып, газет оқығанды да жөн санаймын.

Сауалнамамыздың ең соңғы жауап берушісі, 48 жасар қала тұрғыны Әлихан Жарұлбаев болды.

- Сіз газет оқисыз ба?

- Иә. Газет оқу белгілі түрде өмірлік дағдыма айналып кеткен.

- Демек, ақпараттармен газет арқылы танысасыз ғой?

Әлбетте, көбіне газеттен оқимын. Бірақ, кей кезде әлеуметтік желілерден оқимын.

Қазір ақпарат айдынында бәсекелестіктің бағы жанып тұр. Осы орайда бізде сол аламан бейгеде қалыс қалмас үшін газеттен бөлек басылымның ресми сайты қоса ашып, әлеуметтік желілерде парақшамызды жүргізіп отырмыз.

Аблайхан ӘШІМХАН.



влеченности всех центральных государственных и местных исполнительных органов. Все мы должны понимать, что именно цифровые решения в конечном итоге приносят осязаемые результаты как для общества, так и для госаппарата, особенно в части улучшения его эффективности», - отметил министр

При этом глава цифрового ведомства сообщил, что наблюдается рост использования услуг в мобильном приложении, за 5 месяцев 2022 года цифровые документы валидированы более 6 млн раз. Всего казахстанцам в цифровом формате доступны 18 документов, которые можно использовать не только через EGov, но и через приложения банков второго уровня.

В ходе заседания министр

ТОРЖЕСТВЕННОЕ ВРУЧЕНИЕ ДИПЛОМОВ

28 июня в Агротехническом колледже села Астраханка состоялось торжественное вручение дипломов выпускникам. На празднике присутствовали выпускники, педагогический коллектив колледжа, родители.

Вот на пороге колледжа стоит еще один выпуск молодых специалистов. В нашей стране добавилось много новых молодых рабочих кадров, на которые возлагаются большие надежды.

С напутствующим словом и поздравлениями с окончанием колледжа выступил директор колледжа Канат Суюндиков. Также выпускников поздравил с окончанием и пожелал дальнейших успехов социальный партнер Агротехнического колледжа, директор ТОО «Достык-06» Мейрам Сагим-



баев. Именно он на протяжении многих лет содействовал в обучении и предоставлял базы для прохождения производственной практики учащимся. Руководство колледжа выражает свою огромную благодарность за плодотворное сотрудничество.



Торжественно были вручены дипломы 92 выпускникам по разным специальностям. Также самым активным учащимся были вручены грамоты и благодарственные письма от руководства колледжа. Самые яркие моменты вручения желанного документа, к которому ребята стремились в течение этих лет, были запечатлены на фотоснимках.

Выпускники, в благодарность всем преподавателям колледжа, подготовили праздничную концертную программу, чем и порадовали всех присутствующих на данном мероприятии. Ребята душевно и трогательно прощались с любимым колледжем и ставшими родными преподавателями и мастерами, звучали стихи и песни в исполнении выпускников.

В добрый путь, выпускники! Вы получили один из самых важных документов в Вашей жизни. Вы делаете первый шаг во взрослую жизнь. Пусть осуществляются все Ваши мечты! Удачи Вам!

Ирина ГОРБАТЕНКО.



БЕСЕДА НА ВАЖНУЮ ТЕМУ

На днях прошло заседание постоянной комиссии по охране здоровья при районном Совете ветеранов, руководителем которой выступила Любовь Гринчак. Была проведена беседа с пожилыми людьми на тему «Коронавирусная инфекция».



Беседу провела терапевт центральной районной больницы Елена Ляшенко. Она подробно рассказала, как и когда началась пандемия, о мерах предосторожности и способах предотвращения от заражения. Было рассказано о группах и факторах риска заражения. В группу риска попадают люди возрастом старше 65 лет, гипертоники, люди с сахарным диабетом, бронхиальной астмой и многие другие. Инкубационный период заболевания длится от 2 до 14 дней. Могут проявляться такие признаки как слабость, ломота в суставах, мышечные и головные боли, обильное потоотделение, температура до 39-40 градусов, общее недомогание, боли в области груди, кашель, одышка, потеря вкуса и обоняния.

Постковидные осложнения после перенесенной болезни проявляются зачастую отдышкой, болью в груди, рассеянностью, нарушением памяти, присутствуют проблемы со сном, потеря аппетита, длительное время не восстанавливаются вкусовые качества и обоняние, боли в ушах, выпадение волос. Для всех групп риска должны всегда быть в наличии средства индивидуальной защиты. Вакцинация и в данное время является единственным способом избежать заражения данной инфекцией или перенести заболевание в более щадящем режиме течение заболевания. Борьба с этой инфекцией нужно сознательно.

Наш корр.

Аудан орталығының «Жастар» денешынықтыру және сауықтандыру спорт кешенінде мемлекеттік қызметшілер күнін мерекелеу шеңберінде спартакиада өтті.

Бұл шараға төрт мемлекеттік қызметшілердің командалары қатысты. Додаға қатысу үшін іріктеу болған жоқ, кез келген мемлекеттік қызметші өзінің спорттық мүмкіндігін бағалай алды. Сонымен қатар, спартакиадаға барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың басшылары мен мамандары белсенді қатысты.

Спартакиаданың мақсаты - мемлекеттік басқару органдары қызметкерлері арасында бұқаралық спортты дамыта отырып, дене

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР АРАСЫНДА СПАРТАКИАДА ӨТТІ

шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, саламатты өмір салтын насихаттау және қызметкерлер арасында спорт арқылы достық қатынасты орнату.

Спортты дамыту - мемлекет саясатының негізгі бағыттарының бірі деді ашылу салтанатына қатысқан аудан әкімінің орынбасары Жанар Шахпұтова. Аймақ басшысы орынбасарының сөзінше, сол саясатты жемісті жүзеге асыру үшін әр азамат салауатты өмір салтын ұстануға тырысуы тиіс. Ал мемлекеттік қызметшілер үшін бұл - тіпті, міндет.

Барлық қатысушылар жақсы

нәтижелер көрсете алды. Осылайша, жарыс нәтижесі бойынша жалпыкомандалық есепте аз айырмашылықпен жеңімпаз болып әкім аппаратының командасы атанды. Ал екінші орынға полиция бөлімі кетерілсе, үшінші орынға ауылдық округтердің құрамасы жайғасып, төртінші орынды дербес бөлімдер командасы иеленді.

Спартакиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне естелік сыйлықтар мен кубоктар табысталды.

Өз тілшіміз.



ҚАЗАҚ ТІЛІ – БАБАМ ТІЛІ, АНАМ ТІЛІ

Қазақ тілі... Ана тілі... Тіл туралы жырламаған ақын, жазбаған жазушы жоқ шығар. «Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып



кемел тіл» – деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, қазақ тілі өте ғажап, бай, таза тіл. Қазақстанда тұратын әрбір азаматтың ана тілі – қазақ тілі. Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл. Ана тіліміз арқылы біз халқымызды, Отанымызды, ата-бабамызды, тарихымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүйімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін. Алайда осыны ескермей орыс

тілінде шүлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама.

Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл – тек қарым - қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Президентіміз жыл сайынғы халыққа жолдауында да басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді жан - жақты дамытуға басты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – деген Қадыр Мырза Әли ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен деймін.

Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл – қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

Мемлекеттік тілімізді оқып, үйренуге мемлекетіміз халыққа тегін курс ашып, мүмкіндік беріп отыр. Мемлекеттік тілімізді оқиық, үйренейік, дамытайық!

Р. ҚЫДЫРБАЕВА,
тілдерді оқыту орталығының оқытушысы.

СОТ ОТЫРЫСЫ ХАТШЫСЫНЫҢ СОТ ЖҮЙЕСİNДЕГІ РӨЛІ

Судьялардың қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөлді сот отырысының хатшысы атқарады. Сот отырысының хатшысы лауазымына жоғары заң білімі бар не мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақтылы лауазымның тиісті функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар болған жағдайда заң мамандығы бойынша арнаулы-орта білімі бар адам тағайындалады, сондай-ақ олар кеңсе басшысы мен кеңсе меңгерушісіне бағынады және оларға есеп береді.

Сот отырысының хатшысы өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясы «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңы, «ҚР мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Сот отырысы хатшыларының жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай болып көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, сот отырысының хатшылары тараптардың жауаптарын қағазға түсіріп, хаттама жазып, іс құжаттарын

реттеп отыратын жәй ғана маман сияқты. Алайда, сотта қаралатын кез келген істің өзіндік қиындықтары мен қатар істі өндіріске дайындау сатылары болады. Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да.

Бұрын құжат айналымы, хаттамаларды толтыру қолмен рәсімділіп, кейіннен жазу машинкасында терілетін болса, бүгінде бұл жұмыста ілгерілеу бар, қазір сот отырысының барысы аудио-, бейнежазба арқылы жазылып дайындалады. Барлық сот процесстеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу судьяның бейнежазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмайды.

Судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметкерлерге сияқты сот



отырысының хатшыларына да қойылатын талаптар әрдайым жоғарылап отырады. Соттың іс жүргізуге қатысты ішкі тәртіптері де ішінара өзгеріп отырады. Десек те, сот отырысының хатшылары өз міндеттеріне асқан жауапкершілікпен қарауы қажет.

Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін дербес жауап береді. Дұрыс емес не шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді сот отырысының хаттамасына қасақана енгізген жағдайда хатшы заңда көзделгендей жауапты болады.

Сот отырысының хатшысы сот жүйесіндегі маңызды буын екендігіне талас жоқ.

Г. АГУЛЬМАНОВА,
Астрахан аудандық сотының бас маманы.

СЫРТ КЕЛБЕТ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ? (ҚАЗАҚША КОНТЕНТ)

Зақ: «Жоқ шекаралар, ол сенің миыңдағы мекендерде бар тек».

Елімізде осы күнге дейін көптің көзіне «қызтекелер» саналып келе жатқан Ninety one тобының қазақ тілі үшін жасап жатқан істері ескерілмей, басты назар да, қозғалатын мәселе де тек қазіргі стильдеріне келіп тіреледі. Оның ішіне шаш үлгісі, шаш түсі, киген киім, татуаж және аксессуарлар (сырға) кіреді. Сырға тағып, шаш бояу біздің менталитет пен дінімізге қарама-қайшы болуы мүмкін, дегенмен, өнерді өнер тұрғысынан бағалай білген жөн. Қазақ тілі үшін жасалынып жатқан еңбектің қасында сырт келбеттің басты назарға кетіп қалатыны қызық. Омар Хаямның бір сөзі бар "бәрін түсіндіруге болады, бірақ бәріне емес". 91 тобына жастар ғана емес, белгілі айтыс жүргізушісі Жүрсін Ерманның өзі қолдау көрсетіп, қазақ тілін үшін жасап жатқан әрекеттерін сөзіне тиек етті. Журналистер, қазақ тілі үшін алаңдайтын тележүргізушілер, Роза Рымбаева, Дос-Мұқасан тобы ашық қолдау білдірді. Кезінде Асанәлі Әшімов, Дос-Мұқасан тобындағы аталарымыздың өзі шаш бояп, сырға таққан. Істері түзу, бірақ халықтың оларды қабылдауы қиын. Оңтүстік Кореялық шоу-бағдарламаға қатысып, көптің ықыласына бөленіп, вокаллық жағынан мойындалған бұл топтың елімізде қолдау табуы күрделірек. «Мағынасыз, мәңгіз мәтіндерді әнге арқау етеді» дейтін жұрттың басым бөлігі, шындығына келгенде 91-тобының бір әндік мәтінін алып, оқып, зерттеген. Өз кезегінде саясат, экология, этика тұрғысынан әңгіме қозғайтын бірнеше қазақша үнжинақтар жарық көрген. Мысал ретінде бірнеше ән мен бейнеклиптерге қысқаша тоқтала кетуге болады.

Bata-1 апта ішінде 1 млн қаралым жинады. Қазір 50-60 жастағы ағаларымыз бата бұзудан қалған. Ал ән мәтінінде Зақ қазақша бптан рәпке қосады. Нәтижесінде, жастар арасында бата айтудан чэллендж, трендтер басталып кетті. "Bati biled" - антропогендік іс-әрекеттің ғаламға зиянын ашып көрсетеді. Бәрі махаббат жайында ән шырқайды, дегенмен, адамдар табиғатқа, қоғамға, өзіне, айналаға деген махаббатты ұмытқан. "Қарашы, өне табиғат жылауда, күнде ағаштары кесіліп құлауда, Аспан толған тұмша шаң, күн көзін жұмғанда көрінбейді шамдар Тыңдалып, өне табиғат жылауда, Ол бізге ана, сондықтан да сұрауы бар, Жер, су, от, жел, Бір-біріне тең сондай мінсіз ең. Өзгеруді мүлдем қажет етпейді. Керісінше, бізге өзгеру керек деп білемін Ешқашан да кеш немесе ерте, Жүрегі барларды өзіммен бірге ертемің, Жалғыздың дауысы алысқа естілмейді Дегенмен де, мен оған келіспеймін Енді ойлашы, біз бір болсақ не болады? Түсіндің ба, жетсең өкел бесті бер!" "Taboo" - Ирина Кайратовна тобымен фит түрінде жазылған саясат, шенеунік, сонымен қатар шоу-бизнеске негізделген тақырып. "Әндетемін сен үшін де, мен үшін де ертең болсын деп. Қара күндер артта, шекара жоқ алда". "Why'm", "Lie", "Shyda" - мотивация. "Бұл өлем аяуды ұмытқан, Берілме дым жалғыз қалсаң да (Сен қалсаң да) Шыңға шарықтайтын жолдарды іздесең, Онда қиын кезеңге бол дайын! Ұйқың қанбайд, ол да түк емес, өлі де үлгересің, кейін". "Dart" - бейнеклиптен өте ерте кезеңдегі жазуларды аңғаруға болады. "Жұрт сенің бос десе жартылай кесең, толы деп сен, Жүрсең күмен сеуіп, жүрегің - серік, көмектесең". Одан бөлек Ninety one тобының рәпері Зақ-тың жеке туындыларын ескерген жөн Мәтіннің әр сөйлеміндегі сөздерге аса мән беретін Дулат (Зақ) қазақы сөздерді мәтел іспетті жүйеге

келтіріп, астарлы-логикалы негізде жазып, ұсынады. Аса терең ойды қамтитын мәтіндердің иесі-Дулат Мұхаммедқалиев 2018 жылы «Жас Отан» партиясында депутаттыққа



сайланған еді. Негізгі мақсаты, жастар үшін өзі арқылы жеткізу және қазақ тілінің аудиториясын кеңейту еді.

Жалпы, Ninety one тобының бейнеклип, әң, стильдеріне қызыққан шетелдіктер көп. Ең кереметі, олар осы топтың әндері арқылы қазақ тіліне қызығушылықпен қарай бастаған. Тіпті, үйреніп, қазіргі таңда Cover жазатындары қаншама.

Олардың қазіргі мақсаты, қазақ тілі мен мәдениетін барынша дәріптеу және тарату. 91 тобы мен Димаш Құдайбергenniң ән саласындағы елеулі қызметі-қазақ тіліндегі контентте. Себебі, қазақ тіліне деген қызығушылық бөлек, ал оны үйрену, шын мәнінде қуантарлық жағдай. Жазатын және қалып қойған мәлімет өте көп, бұл тек құлақ хабардар ретіндегі мағлұмат. «Құлақтарыңызға алтын сырға».

Zamandastar бағдарламасын Youtube арнасынан көруге кеңес беремін. 91 тобы қонаққа келіп, үлкен мәселе көтеріп кетті. Тіпті, үлкен апалар мен нағыз хейтерлердің көзқарасы шамалы болса да өзгерген екен.

Ақерке ҚАБДҰЛКӘКІМ,
Ақмола облысы Жамбыл ауылы.

ПРОЦЕДУРЫ СУБСИДИРОВАНИЯ АПК УПРОСТЯТ В КАЗАХСТАНЕ

Правительство РК ведет работы по пересмотру системы субсидирования агропромышленного комплекса страны. Об этом сообщил Премьер-Министр РК Алихан Смаилов, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«В целом система субсидирования будет реформирована, прежде всего, за счет упрощения процедур субсидирования, оптимизации ее направлений, обеспечения доступности для всех субъектов, стимулирования внедрения современных технологий и привлечения инвестиций в АПК, внедрения нормы взятия фермерами встречных обязательств по достижению конкретных индикативных показателей», - написал Алихан Смаилов в своем

купа сельхозпродукции по девяти культурам: пшеница мягкая, пшеница твердая, ячмень, подсолнечник, рапс, лен, гречиха, овес, соя. Согласно опубликованной информации, бюджетное кредитование предоставляется субъектам АПК на пополнение оборотных средств для проведения ВПР, кредитование перерабатывающих предприятий/конечных заемщиков перерабатывающих предприятий на пополнение оборотных средств для последующего кредитования субъектов АПК путем авансирования закупа растениеводческой продукции для проведения ВПР, замещение собственных/привлеченных средств заемщика/банков второго уровня,



ответе на депутатский запрос. По его словам, в связи с волатильностью на мировых продовольственных рынках и в целях сохранения стабильности внутреннего рынка на финансирование сферы АПК в текущем году к утвержденным 257 млрд тенге дополнительно выделили 298 млрд тенге (в том числе на субсидирование – 139 млрд тенге, весенне-полевые работы (далее – ВПР) – 70 млрд тенге, форвардный закуп кормов – 20 млрд тенге, фито и ветбезопасность, науку и др. – 69 млрд тенге). В рамках указанных средств 80 млрд тенге направлены на осуществление форвардного за-

использованных для финансирования субъектов АПК на проведение ВПР. «В целом принимаемые меры направлены на обеспечение физической доступности продовольствием, ветеринарной и фитосанитарной безопасности страны. В рамках программных документов по развитию здравоохранения, торговли, труда и социальной защиты населения и других предусмотренных вопросы обеспечения экономической доступности продовольствия и пищевой безопасности», - заключил глава Кабмина.

inform.kz

БИЫЛ ЕЛОРДАДА АСТАНА КҮНІ ҚАЛАЙ АТАП ӨТІЛЕДІ



Биыл еліміздің бас қаласы өзінің 24 жылдығын атап өтеді. Осыған орай Елорда тұрғындары мен қонақтары концерттер, көрмелер, фестивалдар мен премьераларды тамашалай алады.

Елорданың 24 жылдығына орай қалада бірқатар

әлеуметтік нысандардың, гүлзарлардың, қоғамдық кеңістіктердің, 80-нен аса ауланың салтанатты ашылуы өтеді.

Бұдан бөлек, осы күнге орай елорданың бірқатар ведомстволық бағынысты ұйымдары концерттер, спорттық турнирлер, көрмелер және т.б. ұйымдастырады.

1-6 шілде аралығында «Атамекен» этно-мемориалдық кешенінде «Елорда пейзаждары» атты арт-көрме ұйымдастырылады. Біріккен музейлер дирекциясы мерекеге орай бірден бірнеше экспозиция ұйымдастырады: 1-8 шілде аралығында – «Ел тірегі – Елорда» көрмесі, 1-5 шілде аралығында – «Киелі менің астанам» фотокөрмесі. 5 шілде күні мұнда «Әлем картасындағы жаңа елорда» атты ашық есік күні өтеді.

1 шілде күні сағат 19:00-де Есіл өзені жағалауындағы амфитеатрда Батырхан Шүкеновтің шығармашылығына арналған «Твои шаги» атты концерт өтеді. 3 шілде күні сағат 20:30-да Тәуелсіздік алаңында «Қазақ елі» монументінің жанында Ұлттық домбыра күні атап өтіледі. Сол күні сағат 18:00-де елордалық филармония мерекелік концертке шақырады. Сол сияқты «Барыс Арена» мұз са-

райында қазақ күресінен «Қазақстан барысы» республикалық турнирі өтеді.

4 шілде күні сағат 21:00-де Амфитеатр сахнасында «Астанамның таң самалы» мерекелік концертпен отандық эстрада өртістері мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетеді.

4-6 шілде аралығында Орталық саябақта «Mereke Street» қалалық мәдениет фестивалі өтеді.

5 шілде күні сағат 19:00-де филармонияның концерт залында «Әзіл әлемі» әзіл кеші ұйымдастырылады. 5 шілде күні сағат 19:00-де «Астана Опера» опера және балет театры күміс ғасырдың «Шопениана» және «Шехрзада» балеттерін ұсынады.

5 және 6 шілде күндері «Колизей» спорт кеңістігінде «Отан Ана» монументінің жанында стритболдан «Nur Sultan Cup» турнирі ұйымдастырылады. 5-9 шілде аралығында «Астана Балет» театры «Орфей және Эвридика» балетінің премьерасына шақырады.

Астана күні, яғни 6 шілдеде сағат 11:00-де Триатлон паркте «Elorda Tolqupu» спорттық жарысы басталады. Осы уақытта «Қазанат» ипподромында шабандоздар арасында бәйгеден «Астана кубогы» жарысы өтеді. Сол күні кешке, сағат 21:00-де Амфитеатр сахнасында Ұлықан Жолдасов «Ақ қанат – ақ құсым» бағдарламасымен өнер көрсетеді. Сағат 18:00-ден 22:00-ге дейін «Астана-Арена» стадионының тұрағында «Халықпен бірге» дәстүрлі Open air өтеді. Сол күні кешке «Қазақстан» ОКЗ «Дос-Мұқасан» ансамблінің шығармашылығына арналған «Далам менің» концерті ұйымдастырылады.

8 шілде күні Амфитеатрда «Мен сені сүйемін, астанам» атты концерттік қойылым өтеді. Сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін «Барыс Арена» маңында 12 сағаттық «You Fest» Open air өтеді.

Өз ақпаратымыз.

БАҚТЫБАЕВ
ТӨЛЕГЕН БҰЛАНБАЙҰЛЫ

Астрахан ауданының құрметті азаматы, айтыскер ақын, жазушы, ұстаз, Өндіріс ауылының ардақты қариясы Төлеген Бұланбайұлы Бақтыбаев 91-ден 92-ге қараған шағында өмірден озды.



Төлеген Бұланбайұлы ауданымызға қарасты Өндіріс ауылында 1931 жылдың мамыр айында өмірге келген. Еңбек жолын бастауыш мектепті бітіргеннен кейін 4 жыл дала бригадасының есепшісі болып істейді. Одан соң ауылда жетіжылдық мектеп ашылып, соны бітіреді де, оқуды Ақмола (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласындағы №2 мектепте жалғастырып, орта білім туралы куәлік алады.

Алматыға барып, Қазақ Ұлттық университеті филология факультетінің журналистика бөліміне емтихан тапсырады. Жолы болмаған соң елге оралып, трактор бригадасының есепшілігіне жұмысқа тұрады. Кейіннен, 1962-1967 жылдары Қарағанды пединститутын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, елде зейнеткерлікке шыққанға дейін 45 жыл ұстаздық қызмет өтеді. Соңғы 25 жыл мектеп директоры қызметін мінсіз атқарды.

Адамның пешенесіне тиесілі өмір жолында бел-белестерден сүрінбей өту кімге де болсын үлкен сын. Шынайы адамауи жолмен жүрген кісiге қиындыққа қайыспай, шындық үшін шырқырауға тура келеді. Ал ұстаз жүгі бөрінен де ауыр. Ана баланы өмірге әкелсе, ұстаз болашағына жауапты. Жас ұрпақты ұйрету үшін талмай өмір-бақи ізденеді. Бар саналы ғұмырын осы жолға арнап, шәкірттерімен бірге жасап, бірге жаңартып отырады. Міне, осындай абзал жандардың бірі - Өндіріс ауылының қадірменді ұстазы Төлеген Бұланбайұлы. Ақынжанды ұстаздың сөзі шәкірт аузында, әуенді әні ауылдастарының құлағында, күйлерінің сазы достарының жүрегінде.

Төлеген ақсақалдың айтары мол адам. Ұзақ жыл ұстаздық қызметінде ауқымды істер тындырды. Ел үшін ұстаз да, ақылшы да болды, ақын болғаны да белгілі. Жер үйде туды, жер үйде еңбек етті. Ұстаз өмірінің биігі - шәкірттерін заман талабына сай тәрбиелеп шығару. Қиындығы да, қуанышы да мол осынау мамандықты арман биігі санаған Төлеген Бақтыбаев ағамыз үлкен де игілікті істі алдына өмірлік мақсат етіп қойды.

Ұстаз өзінің тәжірибесінен іс жинақтап, «КСРО және республика халық ағарту ісінің озық қызметкері» деген атақтарға ие болды. Бірнеше рет республикалық педагогикалық оқуларда баяндама да жасаған болатын. «Әдебиет сабағында эстетикалық тәрбие» туралы баяндамасы үшін Ыбырай Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтының грамотасымен марапатталды. Төкеңнің білім беру саласындағы еңбектері елеусіз қалған жоқ. «Еңбек ардагері» медалінің және көптеген аудандық, облыстық Құрмет грамоталарының иегері. Астрахан ауданының құрметті азаматы атағына ие болған.

Міне, осындай ұстаздық қиын жолдан сүрінбей өткен бүгінгі қарт ұстаз Өндіріс орта мектебінің қалыптасып, бүгінгідей заман талабына сай дәрежеге жетуіне өлшеусіз еңбек сіңірген бірден бір адам.

Сөл шегініс жасап, өткен күндерге зер салар болсақ, ағамыздың атқарған тәрбиелік мәні зор істерін еске алуға болады. 1973 жылғы сәуір-мамыр айында ағамыздың басшылығымен, Ұлы Отан соғысынан оралмаған боздақтарға арнап ескерткіш орнатылды. Ауыл тұрғындарының басым көпшілігі жаға орынға кеше қайта бастаған тұста, майданда қаза болған шаһидтер мен соғысқа қатысып, елге аман-есен оралған ардагерлердің есімдері толықтай мәрмәр тасқа жазылып жаңартылды. Осы Өндіріс ауылына онжылдық мектептің салынуына да тікелей мұрындық болған Төлеген ағамыз екенін барлығы жақсы біледі.

«Бәрің айт та, бірін айт» демекші, марқұмның артында қалған өмірінің жалғасы ретінде Қарлығаш, Зүбәйрат, Нұрлан, Дипломбек, Азамат есімді балаларына, көзге көрінген немере-шөберелеріне ұзақ, мінді де мағыналы өмір тілей келе, марқұм қарт ұстазымыздың жатқан жері жайлы, жаны жәннатта болғай. Төлеген Бұланбайұлы ағамыздың шығармалары, қазақ әдебиетін барлық салада байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі бірге жасайтын болады.

Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің ұжымы.

Соб.инф.

ПАМЯТКА
ОБ УГОЛОВНОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТИ
ЗА ЗАВЕДОМО
ЛОЖНОЕ
СООБЩЕНИЕ
О ТЕРРОРИЗМЕ

К телефонному терроризму относятся преступления, совершаемые с помощью звонков со стационарных и мобильных телефонов, а также с использованием факсимильных аппаратов и сети Интернет.

